

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 132 (9194)

1953 жылғы 4 июль Сенбі

жеке саны 20 тыйын. Шығуына 34 жыл

Мұғалімдердің білімі мен педагогикалық мамандығын арттыра берейік

Партияның XIX съезінің СССР-ы өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында халық ағарту ісін оңай әрі өркендетудің зор программасы белгіленген. Бұл программа негізінде жаңа бесжылдықтың аяғында республикалардың астаналарында және оған қарасты облыс, өлке, ірі өнеркәсіп орталықтарында жетіжылдық білім алудан жалпыға бірдей орта дәрежелі білім алуға көшу аяқталады, ал, келесі бесжылдықта бұсақалар мен селолық жерлерде орта білім алу мәселесі шешілетін болады. Бұл — Коммунистік партия мен Совет Үкметінің коммунизмің болашақ құрылыстарын тәрбиелеуге күнбе-күн қамқорлық жасап отырғандығының айқын сыпаттамасы.

Халық ағарту орындарының алдында тұрған бұл аса маңызды міндеттерді қалтқысыз жүзеге асыруда мұғалімдердің зор роль атқаратынын мәлім. Мұғалім — мектепте үлкен тұлға. Сондықтан да партиямыз бен үкметіміз совет педагогтеріне зор сенім білдіріп, жас буындарды ғылым негіздерімен қаруландыру, оларға тұрақты және терең білім беру міндетін жүктеп отыр.

Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің жемісті болуы тікелей мұғалімнің идеялық-теориялық даярлығына, сонымен бірге, оқытушының педагогикалық мамандығына байланысты.

«Халық мұғалімдерінің саны, — деп көрсетті Сталин жолдас, — еліміздің социализм негізінде жана өмір жасап жатқан еңбекшілерінің ұлы армиясының ең қажетті бөлімдерінің бірі болып табылады». Көсеміміз Сталин жолдас совет педагогтерін осылай жоғары бағалады. Өздеріне берілген мұндай жоғары бағамен жігерленген, үкмет пен партия қойып отырған аса жауапты міндеттерге, өз ісіне жауапкершілікпен қараған облысымыздың көптеген мұғалімдері жас жеткіншектерді оқығын, тәрбиелесін деп, өздерінің білімдерін арттырып отыр.

данышпандық еңбектеріне сәйкес мектептерде қазақ және орыс тілдері пәндерін оқыту дәрежесін жақсарту түсті. Тіл сабағын идеялық жоғары дәрежеде жүргізу ісі, әсіресе, Петропавл, Приешім аудандарының орта және жетіжылдық мектептерінде айтарлықтай жақсарды.

Совет педагогтері әржақты білімі бар, ғылым негіздерімен қаруланған және алған білімін оқушыға түсінікті етіп, толық жеткізе білетін болуға тиіс. Бұл үшін мұғалімдер алдыңғы қатарлы мектептердің оқу ісімен таныса отырып, тәжірибелі педагогтердің озық тәжірибесін үнемі үйреніп отырғаны жөн. Мұғалімнің толық педагогикалық білімі болуымен бірге, ол мәдениетті, болып жатқан күнделікті жаңалықтармен таныс, беделді болуы қажет. Ал, педагогтің беделді болуы өзінің міндетін жақсы атқара білуіне, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуына байланысты. Педагог бұқара арасында үгітші, ұйымдастырушы болуға тиіс.

Алайда, облысымыздың бірқатар оқу бөлімдері мұғалімдердің білімін көтеру ісіне әлі күнге дейін жете көңіл бөлмей келеді. Облысымызда білім дәрежесін көтеру ісімен мүлде шұғылданыбайтын мұғалімдер де жоқ емес. Мәселен, Совет ауданындағы Полтавка жетіжылдық мектебінің оқытушысы М. Шостақ жолдас өзінің небары 8 кластық ғана білімі барлығына қарамастан ешбір оқу орнына түсіп оқымай жүр. Сол сыяқты, осы аудандағы Григорьевка жетіжылдық мектебінің оқытушысы Г. Коноплякның он жылдық ғана білімі бола тұрса да жетінші кластарға сабақ беруі, Киров орта мектебінің оқытушысы А. Безденежныхтың жоғары дәрежелі білімі жоқ бола тұрса да орта мектепке орыс тілі мен әдебиеттен сабақ беруі таңқаларлық іс. Бұл сыяқты жағдай Тоқпын (Полудень ауданы), Булаев мектептерінде де кездеседі.

Коммунистік партияның XIX съезінің

ЕГІН ОРАҒЫНА ҮЛГІЛІ ЗІРЛЕНЕЙІК!

МТС механизаторлары сертіне берік

Колхоздардың бітік өскен егінін ысырапсыз жыйнап алу ісінде МТС-тер зор роль атқарады. Өйткені, егін түгелдей комбайндармен жыйналады. Егін жыйнауға комбайн паркін барлық жағынан тыңғылықты әзірлеу — МТС-тердің аса маңызды міндеттерінің бірі.

Өткен жылы қарағанда, быыл МТС қамтуындағы колхоздарда комбайнмен жыйналатын егінің көлемі 5 мың гектар ұлғайтылып отыр. Мұның өзі егін жыйнауға комбайндарды сапалы әзірлеуді және әрбір комбайнмен атқарылатын жұмыстың көлемін ұлғайтуды талап етеді. Егін жыйнаудың осындай ерекшеліктерін ескере отырып, МТС коллективі комбайндарды жөндеуді күнілгері қолға алып, оны ұйымшылдықпен жүргізуде.

Жөндеу жұмысына механизаторлар түгел қатыстырылды және жұмыс екі сменала ұйымдастырылды. Комбайндарды жөндеу тораптық әдіс бойынша жүргізілуде. Мұның өзі комбайндардың тез және сапалы жөндеуін қамтамасыз етіп келеді. Көзір МТС-те 27 комбайн жөнделіп болды.

Комбайндарды егін жыйнауға әзірлеу жұмыстарының тыңғылықты жүргізілуінің негізгі бір себебі — жөндеушілер арасында социалистік жарыстың пәрменді ұйымдастырылуы болып саналады. Мастер-свойда жұмыс істеп жүргендердің бәрі өзара социалистік жарысқа түсіп, көтеріңкі міндеттемелер алған болатын. Олар алған міндеттемелерін мінсіз орындап, күрделі табыстарға ие болуда. Мәселен, А. Клишкин, М. Плющенко, Б. Зубенко, А. Гимченко, П. Заика жолдастар комбайн жөндеуде сменалық тапсырманы үнемі асыра орындап жүр.

МТС механизаторлары комбайн жөндеудің барқынын күннен-күнге арттыра түсуде. Олар қарқынды бәсеңдетпей, егін жыйнауға әзірлікті 10 июльге дейін толық арттыра берген. Олар МТС-тің жұмысшыларына

Бесжылдың аяғында республикалардың астаналарында, республикаларға бағынатын қалаларда, облыстық, өлкелік және аса ірі өнеркәсіп орталықтарында жетіжылдық білім алудан жалпыға бірдей орта (онжылдық) білім алу көшу аяқталсын.

(Партияның XIX съезінің директиваларынан).

Мал қоралары салынуда

Балинин атындағы колхоздың (Соколів ауданы) мүшелері қоғамдық мал шаруашылығын барған сайын өркендете беру жолындағы социалистік жарысты өрістетіп түсуде. Мұнда малды жайлы қоралармен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді.

Өткен жылы колхозшылар екі стандартты мал қорасын салған еді. Оның бірі — 80 бас бұзау сыятын қора, екіншісі — 100 бас шошқа сыятын қора болатын. Бірақ мұнымен де мал қорасы жеткіліксіз болды. Сондықтан колхоз басқармасы үстіміздегі жылы төл үшін стандартты екі қора, 150 бас шошқа, 100 бас жылқы сыятын қоралар мен 600 құс орналасатын орын салуға ұйғарып отыр.

Бұл қораларды салуға әзірлік жұмыстары ерте жүргізілді. Колхозда 3 тұрақты құрылыс бригадасы ұйымдастырылды. Ол бригадаларды коммунист Побегалов пен партияда жоқ активтер Задидюрин, Ахметов жолдастар басқарады.

Бұл күндері құрылыс бригадалары ескі мал қораларын жөндеу және мал қораларын жаңадан салу жұмыстарын қызу жүргізуде. Побегалов жолдас басқарған құрылыс бригадасының мүшелері көзірдің өзінде 150 бастық стандартты бұзау қорасын салып болды. Сонымен бірге олар бұзаудың бір ескі қорасын жөндеуді аяқтады. Құрылыс жұмыстарында бригадалағы ағаш шеберлері Чешков, Вахабов, Мальцов жолдастардың еңбегі көзге түседі. Бұлар өздеріне берілген сменалық тапсырмаларын үнемі артығымен орындап келеді. Жақын арада бұл бригаданың мүшелері 100 бастық жылқы қорасын салуға кіріседі. Бұл қораға керекті құрылыс материалдары жеткізіліп алынды.

Көзір құрылыс бригадаларының мүшелері мал қораларын салуды ескі мал қораларын жөндеуді тез аяқтау үшін күресуде. Олардың бұл инициативасын колхоз басқармасы да қолдауда. Колхоз басшылары бригадаларды керекті ағаш материалдарымен, ағаш өңдейтін құрал-саймандармен көзінде қамтамасыз етіп отырады.

А. ПОПКОВ.

Таңдаулы бұзаушы



Образцовая МТС-нің комсомол ұйымының секретары, жас комбайншы Василий Овчинников өз комбайнын жөндеуді аяқтай отырып, МТС-тің басқа комбайндарын жөндеуге белсене қатысуда.

СУРЕТТЕ: В. Овчинников жолдас «Сталинец - 6» комбайнының моторын құрасытуда. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Егін жыйнауға нашар әзірленуде

Егін жыйнау мен астық дайындау науқаны кезек күттіруге болмайтын маусымды жұмыс. Бұл жұмысты ұйымшылдықпен өткізіп, бірде-бір дәннің ысыраққа ұшырауына жол бермеу, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын және артығымен орындау, ең алдымен, егін орағына тынақты әзірлік жүргізуге байланысты. Солай бола тұрса да, «Красный полтавец» колхозында егін жыйнауға әзірлік жұмыстары ойсыраған оқиғалыққа ұшырап отыр.

Быйлағы жылы мұнда жаңадан екі астық қырман салынуда тиіс болса, бұл жұмыс осы күнге дейін қолға алынбай келеді. Тіпті мұнда қырман салу, жөндеу үшін қажетті материалдардың өзі де әзірленбеді. Олар елдегі ескі қырмантарды

грейкадан әлі күнге дейін бірде-бір лабогрейка жөндеген.

Сапалы жөндеу тәртібіне келтірілген қоймаларда астықты жақсы сақталатынын мәлім. Алайда, колхозда астық қоймаларын жөндеу және олардан салу жұмысы нашар жүргізіліп келеді. Колхоздағы 8 астық қоймасының небары бір-ақ қойма астық қабылдаға әзір етілген.

— Егін жыйнау мен астық дайындауға қажетті құрал-саймандарды жөндеу үшін, — дейді ұста Пряхненко жолдас, — материалдар мен бөлшектер жеткіліксіз. Ал, біздің мұны колхоз басшыларына ескерткенімізге көп уақыт болды. Бірақ, олар біздің бұл талабымызды елемей, «егін жыйнауға әлі көп уақыт бар» деп, астықтың жыйналуына жол бермей, жайындап отыр.

Алғашқы табыстарға жетті. Мәселен, Пүлешім ауданының Октябрь жетіжылды мектебінің мұғалімдер коллективі (директоры Оразалин жолдас) өткен оқу жылында оқу-тәрбие жұмысын ойдағыдай жүргізіп, көрсеткі табыстарға жетті. Осы ауданның Вознесенск мектебінің бастауып классы оқытушысы Е. Воронова жолдас екінші, үшінші кластарда сабақты үлгілі өткізумен бірге, педагогикалық училищеде сырттан оқып, өзінің білім дәрежесін көтеруде. Білімдерін жетілдіре түсу жолында мұғалімдер институтында сырттан оқып жүрген Е. Змева (Булаев орта мектебі), М. В. Федорова (Петропавл ауданы, Архангель орта мектебі) және жоғары білім алу жолында педагогикалық институтта сырттан оқушы Македонов (Преснов орта мектебі) сияқты көптеген мұғалімдердің оқу-тәрбие жұмысында да жақсы нәтижелерге ие болып жүргендігін атап айттуға болады.

Бүкіл еліміздегі сияқты біздің облысымыздың көптеген мектептері де өткен оқу жылы ойдағыдай аяқтады. Көптеген мектептердің оқытушылар коллективтері Сталин жолдасын тіл ғылымы жөніндегі

техникалық оқуды жүзеге асырудың қажеттілігі атап көрсетілген. Міне, осыған байланысты облысымыздың барлық мектептерінде политехникалық оқуға көшуге қажетті шараларды кәзірден бастап жүзеге асыруға барлық күш-мүмкіншілік жұмылдырылуға тиіс. Ол үшін педагогтердің еңалдымен жоғары білімді оқытушы болуы керек. Сондықтан да уақытты дұрыс пайдалана отырып, мұғалімдер өздерінің идеялық-теориялық біліміне қоса техникалық білімін де көтеруге тиіс. Бұл жөнінде жергілікті партия ұйымдары мен халық ағарту орындары мұғалімдерге нақтылы көмек көрсетіп отыруы керек.

Алдымызда жаңа оқу жылы қарсаңында республика мұғалімдерінің съезі өткізілмеді. Съезге облысымыздың мұғалімдері үлкен әзірлікпен баруға тиісті.

Коммунизм құрылыстары — еліміздің жас азаматтарын оқыту және оларды тәрбиелеу — совет педагогтерінің құрметті міндеті. Бұл міндетті аброймен орындау үшін мұғалімдеріміз өздерінің саяси-идеялық және жалпы білім дәрежесін көтеру ісімен үдіксіз шұғылданып отырулары керек.

И. Т. Тәжиев жолдасты Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары етіп тағайындау туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының У К А З Ы

Шрагим Тәжіулы — Тәжиев жолдас Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.
Алматы, 1953 жылғы 2 июль.

Жастар жоғары оқу орындарына барады

КӨКШЕТАУ. (ҚазТАГ). Соңғы емтихан тапсырылды. Жұмысшы жастар мектебін бітірген 33 оқушы мектепті бітірген кешке жыйналды. Салтанатты жағдайда оларға камелеттік аттестат тапсырылды.

Мектепті бітіргендердің көбі Москваның, Ленинградтың, Одессаның, Алматының жоғары оқу орындарына түсуге ұйғарды. Шофер Николай Крылов бала кезінен бастап сурет салумен әуестеніп келеді. Быйыл Николай өзінің бұл арманын жүзеге асырғалы отыр — ол Москваның архитектура институтына оқуға түседі. Қалалық телеграфтың корректоры Наиль Абдрашитовтың, морзистка Вера Шепелеваның толық орта білімі

жоқ еді. Жұмыстарын оқумен ұштастыра отырып, олар мектепті ойдағыдай бітіріп, камелеттік аттестат алды. Наиль Одессаның байланыс инженерлері институтына барады, ал Вера Алматыдағы Қазақтың педагогикалық институтына түседі.

Машинистка Надежда Светличная еліміздегі ең қарт университеттердің бірі — Қазан университетінің филологиялық факультетіне түсуді ұйғарып отыр. Механикалық заводтың үй сылаушылары Александр Фрашгейзер, техникалық секретары Файна Богомазова Қарағандының жоғары оқу орындарында оқып отырады.

Мал жайылым участоктеріндегі құрылыстар

ҮШТӨБЕ. (Талдықорған облысы), (ҚазТАГ). Қаратал алқабындағы колхоздардың мал жайылым участоктерінде быйыл көптеген құрылыстар салынуда. Қаратал ауданындағы «Ленинский путь» колхозының жайылым участогінде жеті қойқора салынды. Сыйырға арналған қораның құрылысы бітуде жақын. Молотов атындағы колхоз стандартты екі бұзауқора және 11 қойқора салды. Ауданның колхоздары мал жайылым пун-

кттерінде күзге дейін тағы да жеті сыйырқора, 30 қойқора салады.

Мал жайылым участоктерінде мұнымен қатар малшыларға арналған 100 тұрғын үй салынуда. Молотов атындағы колхоз кәзірдің өзінде алты пәтерлі бір үй және екі пәтерлі екі үй салды. «Ленинский путь» колхозы екі пәтерлі бес үйдің құрылысын аяқтап келеді. Дзержинский атындағы және Абай атындағы колхоздардың жайылым участоктерінде клубтар салынып жатыр.

тілігі толық жеткілікті.

Біз комбайншыларды даярлау мәс-

де ерекше көңіл бөліп отырмыз. Өрбір комбайн тәжірибелі комбайншылармен және комекшілермен кәзірдің өзінде толық қамтамасыз етілді. Мұның өзі егін жыйнауға комбайндардың толық қуатымен пайдаланылуын қамтамасыз ететіні сөзсіз.

МТС коллективінің егін жыйнауға тыңғылықты әзірлігімен кірісіп, ауыл шаруашылығы жылы ішіндегі мұндай аса жауапты науқанды табысты өткізетіндігі сөзсіз.

А. МЕТЕЛЬ,

Булаев МТС-і директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары.

жөке. Айта кету керек, өткен жылы бұл колхозда жазық қырмандар егін орағына кезінде әзірленбеді. Оның үстіне олардың өзі жеткіліксіз болды. Соның салдарынан колхоздың ондаған центнер астығы жауын астында қалып, ысырап болды, бұлайды. Бұл жағдайды колхоз басшылары (председателі Кривоногов жолдас) жақсы біледі. Бірақ, олар өткен жылдың мұндай кемшіліктерінен тиісті қорытынды шығарып, оған быйыл жол бермеу жөнінде жеткілікті қамқорлық жасамай отыр.

Колхозда астық тазалайтын машиналар мен құрал-саймандарды жөндеу жұмысының жайы да нашар. Қолда бар 6 лабо-

ратор және салып жүр.

Ұста Прихненко жолдас өте әділ айтады. Істің шындығының өзі осылай. Өйткені, колхоз басқармасы егін орағына әзірлік жұмыстарына нашар басшылық жасап келеді. Колхоз басқармасының мәжлісінде егін жыйнауға әзірлік жөнінде бірде-бір мәселе қаралмауы осыны сыйпаттайды.

Колхозда быйыл 3 мың гектардан астам жердің егінді жыйнауға тиіс. Кәзір егін бітік өсіп келеді. Бітік егінді деркезінде ысырапсыз жыйнап алу үшін колхоз басшылары егін орағына әзірлік жұмысына жете көңіл бөліп, оны тез арада табысты аяқтауға жетісулері керек.

Ә. МҰХАМЕТОВ.
Смирново селосы.

Александра Прокопьева жолдас — қос-сомол мүшесі, колхоз өндірісінің белгілі озаттарының бірі. Ол егін және мал шаруашылығында қажырлы еңбегімен көзге түсіп келеді. Сондықтан да колхозшылар оны құрметтеп, қадір тұтады.

Прокопьева кәзір ірі қарамал фермасында бұзау бағады. Ол бұл жұмыста быйыл екінші жыл істейді. Аз уақыт ішінде-ақ ол бұл істе де жұрт көзіне түсеті. Прокопьева жолдас қарамағындағы бұзауларды шығынсыз, күйлі өсіруде. Кәзір оның қарамағында 30-ға тарта бұзау бар. Бұзаулардың тәуліктік салмағы — 450—650 граммға дейін артады.

В. ЛИЗУН.
Совет ауданы, Каганович атындағы колхоз.



Туған елімізде



В. Г. Короленконың туғанына 100 жыл толуы қарсаңында

Июльде совет жұртшылығы орыстың көрнекті демократ-жазушысы және қоғам қайраткері В. Г. Короленконың туғанына 100 жыл толуын атап өтеді. ССРО-ның совет жазушылар Одағы юбилейді өткізу үшін комиссия құрды. Комиссияның құрамында Ф. В. Гладков, Е. В. Тарле, К. И. Чуковский, И. А. Новиков және басқалары бар.

2 июльде комиссия В. Г. Короленконың туғанына 100 жылдығын атап өту жөніндегі шараларды талқылады. Одақтас республикалар астаналарында және облыс орталықтарында жазушылардың кештерін, оқушылар конференциясын, көрмелер ұйымдастыруды ұйғарды.

«Молодая гвардия», «Московский рабочий» және басқа бірнеше облыстық баспалар В. Г. Короленко шығармаларының бір томдығын баспаға әзірлейді. «Огонек» журналына қосымша ретінде В. Г. Короленко шығармаларының 8-ші томы баспадан шығады. Жазушының туған күніне көркем әдебиеттің мемлекеттік баспасы әзірлеген оның шығармаларының 10 томдығына жаңадан жазылушылар қабылданады.

Саяси және ғылыми білім таратудың Бүкілодақтық қоғамы Москва, Полтава, Житомир қалаларында және жазушының өмірімен байланысты басқа қалаларда көпшілікке арналған лекциялар оқуды белгіледі.

Краснохолм комбинаты тоқымашыларының табысы

Москваның алдыңғы қатарлы тоқыма кәсіпорны — Краснохолм комбинатында бірінші жартыжылдықтың жұмысына алғашқы қорытынды шығарылды. Комбинат коллективі жоспардан тыс көшпелік 368 мың метр тоқыма шығарған. Өнімнің сортқа бөлінген түрлері жөніндегі тапсырма артығымен орындалған. Жіп ирушілердің, тоқымашылардың және бояп-өңдеушілердің жүзден астам бригадалары тек қана мінсіз жоғары сапалы өнім беруде.

Бояп-өңдеу фабрикасында автоматтық аспаптармен жабдықталған қуатты кептіргіш машина қосымша пайдалануға бе-

рілді. Бұл еңбек өнімділігін арттыра беруді және тоқыма матаның сапасын жақсартуды қамтамасыз етті. Иру өндірісінде күйдіру жолымен жүндердегі өсімдік қалдықтарын тазалау үшін шығарылған арнаулы агрегат сыналып іске қосылды.

Краснохолм комбинаты екінші жартыжылдықта тканьның жақсартылған түрлері — таза жүннен тоқылатын бастон, көшпелік трико, шевиоттарды шығаруды көбейтетін болады. Сапасы жақсартылған жүннен тоқылатын маталарды өңдеуге 200 тоқыма станоктары бөлініп отыр.

ТОКАРЬЛЫҚ АВТОМАТ

Москваның А. И. Ефремов атындағы «Красный пролетарий» заводы еңбек өнімділігі жоғары жаңа токарлық автоматты жасап шығарды. Бұл автоматпен подциппиктердің бөлшектерін өңдеуге болады.

Мұнымен бірге жаңа станокте ондаған кескіш аспаптар жұмыс істейтін бо-



Белгілі совет планерисі, спорттың еңбек сіңірген мастеры Виктор Ильченко дүниежүзілік жаңа рекорд жасады.


СУРЕТТЕ: дүниежүзілік жаңа рекорд жасаған спорттың еңбек сіңірген мастеры В. Ильченко жолдас.

(СОТА-ның фотохроникасы).

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ АУДАНДЫҚ ЖАҢА ГАЗЕТТЕР

ТАШКЕНТ, 2 июль. (СОТА). Кеше Наманган облысының Задарин аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінің органы — «Коммунизм юлидан» газетінің бірінші номері шықты. Газет өзбек тілінде шығарылады.

Өзбекстанның 15 селолық аудандарында жаңа газеттер шыға бастады.



ГРУЗИН ССР. Киров атындағы (Махарадзе ауданы) Лайтур чай совхозының коллективі мемлекетке жоспардан тыс 200 тонна көк чай жапырағын беруге міндеттеме алды.

СУРЕТТЕ: Ш. Кереселизе жасаған чай жыйнайтын машина совхоз плантацияларында.

(СОТА-ның фотохроникасы).

ЖЕМШӨП ДАЙЫНДАУ

СТАВРОПОЛЬ, 2 июль. (СОТА). 10 астық совхозы көпжылдық шөптердің бірінші рет шабу жұмысын аяқтады. Барлық совхоздар шабылған шөпті малдың қысқы орындарына тасып жеткізуде. Мұнымен қатар, шөп сүрлеу жұмысы қатар жүргізілуде. Механизаторлар жүгері, күнбағыс және судан шөптерін жыйнау жұмысына әзірленуде. Олардың көлемі 55 мың гектардан асады.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Партия мүшелігіне кандидаттармен жұмысты жақсарту береміз

Партияның XIX съезі партия ұйымдарының жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бірі — кандидаттардың партия мүшелігіне кіруге әзірленуіне олардың нашар көмектесетіндігін атап көрсетіп, партия ұйымдарынан партия мүшелігіне кандидаттар арасындағы жұмысты жақсартуды, сонымен қатар, кандидаттардың кандидаттық стаждан өтудегі жауапкершіліктерін арттыруды талап етті. Осы нұсқауды орындау жолында біздің совхоз партия ұйымы біраз жұмыстар істеді.

Өткен жылы ұйымда партия мүшелігіне кандидаттардың саны 6 адам еді. Бұлардың іс-шарасы, Шилев, Русаков, Каткова жолдастардың кандидаттық стаждары бірешіп қалғандықтан созылып келді. Кінәні мойындау керек: партия ұйымы бұл кемшіліктерге орынсыз төзіп, партия мүшелігіне кандидаттардың сапасын тексерумен жете шұғылданбады. Сондықтан кандидаттық стаж көп жағдайда құрғақ формальдылыққа айналды. 1952 жылы партия ұйымының есен беру-сайлау жыйналысында коммунистер партия мүшелігіне кандидаттар арасындағы жұмысты жеткілікті ұйымдастырғаны үшін партия бюросын қатаң сынға алып, оның жан-құрамын істе орын алып келген кемшіліктерді жедел жою шараларын жүзеге асыруға міндеттеді.

Осыдан кейін партия бюросы өзінің жұмысын жана талаптар дәрежесіне сәйкес қайта құрып, партия мүшелігіне кандидаттардың еңбекте өнеге көрсетуі, өздерінің саяси-идеялық білімдерін арттыру үшін нақты көмек көрсететін болды. Біз жас коммунистермен алғашқы жұмысымызды партияның XIX съезінің материалдары және басқа саяси тақырыптарда өзгемелер өткізуден бастадық. Саяси даярлығы мол коммунистер, партия

бюросының мүшелері партия ұйымының жұмыс жоспары бойынша ай сайын екі-үш рет жас коммунистермен арнаулы әңгімелер өткізіп отырды. Бұл әңгімелердің негізгі тақырыбы СОКП Уставы, партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларын жүзеге асыру міндеттері, партия алдында адал және шыншыл болу, партия жыйналысының маңызы жөнінде болды.

Партия оқуы жүйесінде өткен оқу жылында партия мүшелігіне кандидаттардың өздерінің білімдері мен тілектеріне қарай партия оқуының түрлі бұйымдарында оқуы ұйымдастырылды. Партия мүшелігіне кандидаттар Русаков, Шилкин, Моргун СОКП тарихын үйренетін негізгі типті үйірмелер, Каткова, Мустафин және басқа жолдастар көсемдеріміз В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің өмірбаяндарын үйренетін үйірмелерде оқыды. Оқу жылының барысында жас коммунистердің саяси оқуына бақылау жасалды. Партия бюросының мәжілісінде Каткова, Лукин жолдастардың есебі тыңдалып, олардың сабақта әзірліксіз келуі жөніндегі кемшіліктері кезінде көрсетілді. Жас коммунистер оқу жылының аяғындағы қорытынды сабақтарға белсене қатысып, партияның XIX съезінің материалдарын жақсы үйренгендіктерін байқатты.

Сонымен қабат, біз коммунистерді жұмыстың шешуші уақыттарына бөліп, олардың еңбекте өнеге көрсетуіне жетісудеміз. Мәселен, Шилкин жолдас өткен жылы «Сталин» — 6» комбайнмен өгін жыйнау жөніндегі тапсырманы артығымен орындады. Кәзір ол өз комбайнын жөндеуден сапалы өткізіп, басқа жолдастарына көмектесуде.

Быйғы кандидаттар Шилкин, Русаков, Каткова жолдастар партия мүшелігіне қа-

былданды. Ал, басқа партия мүшелігіне кандидаттардың стаж мерзімі әлі өткен жоқ. Партия бюросы олардың кандидаттық стаждарын тәрбие мектебіне айналдыруда.

Партия мүшелігіне кандидаттар өндірісте еңбек үлгісін көрсетумен бірге, партиялық тапсырмаларды атқарады. Мәселен, Мустафин жолдас пішеншілер бригадасында машинист, Слезенкова сауын сыйырлар гуртының бригадирі болып істейді. Мустафин жолдас шөп шабу науқанында жұмыс нормасын 125—130 процентке дейін орындап жүр. Ал, Слезенкова жолдасының бригадасында сауыншылар әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 3 мың литр сүт сауу жөніндегі социалистік міндеттемесін орындауда жоғары көрсеткіштерге жетісуде. Бұл жолдастар үгітші болып істейді.

Жас коммунистер өздерінің білімдерін арттыруда негізгі құралдар болып есептелетін газет, журналдарды, саяси және көркем әдебиет кітаптарын үзбей оқыйды. Мәселен, СОКП мүшелігіне кандидаттар Мустафин «Правданы», «Қазақстан правдасын» және аудандық газетті алдырып оқыйды. Коммунистер Русаков, Шилкин жолдастардың әрқайсысы жыл басынан бері 8—10 көркем әдебиет кітаптарын оқыды. Жас коммунистер өздерінің жеке кітапханаларын жана кітаптармен толықтыруда.

Совхоз партия ұйымы партия мүшелігіне кандидаттар арасындағы жұмысты барған сайын жақсарту арқылы олардың жеке бастарының сапалылығын арттыра беруге жетіседі.

Г. ЧЕШКОВ,
Мамлют совхозы партия бюросының секретары.

Партия ұйымының ішкі жұмысының дәрежесі жоғары болсын

«Путь Ильича» ауылшаруашылық өрте-лінің партия ұйымы партияның XIX съезінің қарарларын қанағаттанғысыз орындайды, коммунистер мен колхозшыларды ауыл шаруашылығының алдында тұрған басты міндеттерді орындау күресіне жеткілікті жұмылдырып отыр. Партия ұйымында коммунистердің тәрбие мектебі — партия жыйналысы кезінде өткізілмейді.

Партия ұйымы коммунистер мен комсомолдардың мәжіліс-деннидік оқуын ұйымдастыру мәселесіне жете көңіл бөл-
... коммун...

тия мүшелігіне кандидаттық стажының мерзімдері өтін кеткен. Дала бригадаларында жұмыс істейтін колхозшылардың мәдени-тұрмыстық жағдайына қамқорлық жасалмай отыр. Дала қостары көрнекі үгіт құралдарымен жабықталмаған.

Полудень аудандық партия комитеті «Путь Ильича» колхоз партия ұйымының секретары Бондаренко жолдасының есебін тыңдап, партия ұйымы жұмысындағы елеулі кемшіліктерді атап көрсетті және ол кемшіліктерді жою жөнінде нақтылы

Ауыл-селода физкультура мен спортты өрістете берейік

Партияның XIX съезі өзінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында физкультура мен спортты онан әрі өрістету міндеті қойылды. Бұл міндетті әрбір орындау жергілікті партия, совет ұйымдарының ардақты борышы болып табылады.

Облысымыздың ауыл-селоларында физкультура мен спортты кеңінен өрістетуге керекті барлық мүмкіншіліктер бар. Ауыл-село спортшыларынан үш адам республикалық құрама командамен бірге колхозшылардың бунілодақтық шаңғы жарысына қатысып, екінші орынға ие болды. Булаев ауданындағы Карл Маркс атындағы колхоздың мүшесі Ваяганов Орта Азия бойынша қазақша күрестен чемпион атағын алды.

Облысымызда физкультура мен спорт жұмыстары жақсарып, оған қатысушылардың саны жыл сайын арта түсуде. Тек «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының өзінде ғана 171 төменгі коллективке қарасты 5 мыңға жуық мүше бар. Бұл күндері ауыл-село спортшылары жаағы спортпен қызу шұғылдануда.

Преснов ауданының «Жизнь» колхозындағы спорт коллективінің жұмысын колхоз басқармасы басқарады. Басқарма спорт құралдары мен спорт киімдерін алу үшін 4500 сом қаржы бөлді. Колхозда стадион, спорт алаңы бар. Онда колхоздың көптеген жастары және спортпен шұғылданушылар спорттың алуан түрлері бойынша жаттығу жұмыстарын жүргізеді.

Ал, Октябрь ауданындағы «Щит» колхозында спорт жұмысының жағдайы өте-өте нашар. Аудандық Совет аткомі колхоз басқармасына сан рет ескертсе де, осы уақытқа дейін «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының жергілікті командасы құрылған жоқ. Колхозда спорт құралдары мен спорт киімдерін алуға толық мүмкіншілік бар. Колхозшылар өте аukatты тұрады. Колхозда электр жарығы, радио, клуб бар. Ама не, осындай ірі колхозда физкультура мен спорт жұмысына, жастардың физкультура мен спорт жөніндегі күнбе-күнгі өскелең тілегіне ешқандай көңіл бөлінбеуі таңқаларлық іс.

ҚЛКЖО аудандық комитеттері мен аудандық физкультура және спорт комитеттері «Колхозшы» ерікті спорт қоғамдарының төменгі коллективтеріне басшылықты жақсартып, барлық ауылдар мен селоларда жергілікті спорт коллективтері болуын қамтамасыз етуге тиіс.

М. ЛУКИН,
«Колхозшы» ерікті спорт қоғамының облыстық комитетінің председателі.

ЖАҢА КІТАПТАР

Облысымыздың кітап сауда орындарына қазақ тілінде мынадай кітаптар түсті.

Г. М. Маленков. ВК(б)П Орталық Ко-

КОРЕЯДАҒЫ ОҚЫҒАЛАР

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 2 июль. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі бүгін мынаны хабарлады:

Өткен күні Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің бөлімдері Хамнам ауданында және Пенамдонның оңтүстік-батысына таман жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді. Дұшпанның бір полкі 30-дан астам са-

молеттер мен бірнеше ондаған танктердің қолдауымен 6 рет күшті атакалар жасады, дұшпан едәуір шығындарға ұшыратылып, атакалардың барлығы тойтарылып тасталды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқылау дұшпанның 3 самолетін атып түсіріп, 5 самолетін зияндады.

Австриядағы ереуіл қозғалысы

ВЕНА, 2 июль. (СОТА). Баспасөз хабарына қарағанда, Венадағы шыны тығындарын жасайтын фабриканың жұмысшылары мен қызметшілері кәсіпорынның өндірістік советі председателінің қызметтен шығарылуына қарсы на-

разылық білдіру ретінде ереуіл жариялаған Фабрика коллективі бірауыздан қабылданған қарарында кәсіпорынның өкімшілік басшылары өздерінің зиясына қарарын бұзғанға дейін ереуіл бола беретіндігін мәлімдеген.

Тегеранның кірпіш заводтары жұмысшыларының ереуілі әлі болып жатыр

ТЕГЕРАН, 2 июль. (СОТА). Кірпіш заводтарының 20 мың жұмысшысының 27 июльде басталған ереуілі Тегеранда әлі тоқталған жоқ. Завод иелері жұмысшылардың талаптарын толық қанағаттандырудан бастартуда.

«Рангин кяман» газетінің хабарына

қарағанда, Тегеранның жұмысшылар кәсіподақтары ереуіл жасаушы жұмысшыларға көмектесу комитетін ұйымдастырған. Көмектесу комитеті ереуіл жасаушы жұмысшылардың пайдасына астық және ақша қаражаттарын жыйнауды ойдағыдай ұйымдастыруда.

Грециядағы мемлекеттік қызметшілердің ереуілі

ЛОНДОН, 2 июль. (СОТА). Рейтер агенттігінің Афиныдан берген хабарына қарағанда, бүгін мұнан үш ай бұрын жүргізілген драхма құнын төмендетуден кейін жалақыны арттыру туралы еңбекшілердің талабын қолдау ретінде Грецияның мемлекеттік мекемелерінің 60 мың қызметшілерінің 48 сағаттық ескерту ереуілі басталған. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіподақтары тұрмыстың қымбаттаушылығына байланысты

жұмысшылар мен қызметшілерге олардың көзіргі алып отырған жалақысына 7 проценттен 12 процентке дейін қосымша төлеу туралы үкіметтің ұсынысын қабылдамай тастаған.

Жапай еңбек конфедерациясы барлық жұмысшыларды ереуіл жасауға шақырған.

Кеше үкімет өзінің мәлімдемесінде Грециядағы ереуілдерді «заңсыз» деп атап көрсетпек болған.

Ирак патриоттарын сот орындарының қудалауы

ЛОНДОН, 2 июль. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарынан көрініп отырғанындай, Ирактың соғыс трибуналы 20 июльде Бакуб қаласының түрмесіне саяси тұтқындарды зорлықпен көшіруге наразылық білдірген Багдад түрмесінің саяси тұтқындарға тілектестік білдіру ретінде болған жаппай демонстрацияға

қатысқан 10 адамды әртүрлі тұтқын жазасына кескен.

Мұнан бұрын хабарланғанындай, түрменің билеушілері және полиция саяси тұтқындарды қанды-жосаға ұшыратқан, олардың арасынан 8 адам қазаға ұшырап, көптеген адамдар жараланған.

АМЕРИКАН СОҒЫС ӨКМЕТ ОРЫНДАРЫ ГРЕНЛАНДИЯДА ҚОЖАЛЫҚ ЖАСАУДА

КОПЕНГАГЕН, 2 июль. (СОТА). Туле селосының (Гренландия) жергілікті халқын көшіріп орналастыруға қатысқан датчанның бір топ техниктері Данияға қайта оралған. Тулеге АҚШ соғыс жылдарынан кейін ірі әуе-соғыс базасын салған болатын.

Осымен байланысты «Политикен» газеті: «Әскимостардың ең алыстағы мекендеген жері Туле енді дүниеде жоқ

Оның барлық тұрғын адамдары Ингилфилд бухтасының солтүстігіне қарай 160 километр жерге көшірілді. Олар палаткаларда паналауда» деп жазады.

«Ланд ог фольк» газетінің хабарына қарағанда, американ соғыс өкмет орындарының бұйрығы бойынша Туле мекенінің тұрғын адамдарын зорлықпен көшіру Гренландия халқының тарапынан күшті ыза-кек тудырған.

Аудандық комитеттің пленумы

Жақында Булаев аудандық партия комитетінің кезекті IX пленумы болып өтті. Пленум кадрларды іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу мәселесі жөнінде РКП аудандық комитетінің секретары Курлов жолдасының баяндамасын тыңдап, талқылады.

Пленум ауданның партия, совет және шаруашылық ұйымдарының кадрларды іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу жұмысындағы елеулі кемшіліктері мен қателіктерін атап көрсетті. 1952 жылы және үстіміздегі жылдың алғашқы бес айында аудандық партия комитетінің по-

менделатурасындағы қызметкерлердің 88 проценті түрі сәбіттермен қызметтен ауыстырылған. Әресе, соңғы жылдары колхоз председателдерінің жиі ауыстырылуына жол беріліп келді. Екіжарым жылдың ішінде колхоз председателі болып, Буденный атындағы колхозда—5 адам, «Гигант» колхозында—4 адам істеді. Аудандық партия комитеті өткен жылы «Вторая пятилетка» колхозының председателдігіне бұрын ауылшаруашылық артелінің Уетавын өрескел бұрмалан келген Волков дегенді ұсынып, қателік істеді. Осы сыяқты, аудандық партия комитеті ауылшаруашылық мамандарын іріктеп алу және оларды тәрбиелеу ісіне жете көңіл бөлмей келді.

Пленум ауданның партия ұйымдарында кадрларды іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу жұмысын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгіледі.

Октябрь аудандық тұтынушылар одағының жұмысындағы елеулі кемшіліктер

1953 жылдың өткен айларының жұмыс қорытындысы Октябрь аудандық тұтынушылар одағы басшыларының өздеріне жүктелген міндетті толық орындай алмай отырғандығын көрсетті. Аудандық тұтынушылар одағының басшылары және оның председателі Юдин жолдас тұтынушылар одағының коллективін 1953 жылға арналған товар айналымының жоспарын артығымен орындау күресіне жұмылдыра білмеді. Өткен айлардың бірде-бірінде товар айналымының жоспары аудан бойынша орындалмады. Тек қана бірінші тоқсанның ішінде аудан еңбекшілеріне 3,5 миллион сомның әртүрлі товарлары жоспардағыдан кем сатылды. Оның үстіне тұтынушылар одағы басшыларының еңбекшілердің тілегімен есептеспейтіндігінен және оған немқұрайды қарайтындығынан облыстық тұтынушылар одағы мен кәсіпорындарының базаларында көптеген товарлар жеткілікті бола тұрса да, үстіміздегі жылдың бірінші жартысында ауданның сауда орындарында болмады.

Октябрь ауданының облыс орталығынан қашықтығына қарамастан облыстық тұтынушылар одағы басшыларының тарапынан да аудандық тұтынушылар одағына нақтылы көмек көрсетілмей келеді. Осының салдарынан ауданда 1953 жылдың бірінші тоқсанында товар айналымының жоспары 66,6 процент ғана орындалды. Сол сыяқты, апрель, май айларында да товар айналымы, соның ішінде бөлшек сауда жөніндегі жоспар да орындалмады.

және Аяқушин сыяқты жолдастардың

Төзуге болмайды

Қазақстан комсомолының VI съезі комсомол ұйымдарының алдына одақтың ішкі жұмысын мейлінше жақсарту, сөйтіп, комсомолдердің белсенділігін барған сайын арттыра беру міндетін қойды. Алайда, қаладағы сыра-суын зауытының комсомол ұйымы (секретардың орынбасары Палий жолдас) бұл талапты орындауға немқұрайды қаран келеді.

Ұйымның жұмыс жоспары формальді жасалады. Май айына жасалған жұмыс жоспарының дағдыры қандай? Осыған тоқталайық. Онда комсомол ұйымының жыйналысы мен комсомол комитетінің мәжілісін өткізу, завод жастары арасында партияның XIX съезінің материалдары жөнінде әңгімелер өткізу, волейбол командасын ұйым-

дастыру және басқа осы сыяқты жаппай шаралар белгіленген. Бірақ, не пайда, Палий жолдасын жауапсыздығы мен салалығының салдарынан, жұмыс жоспарында көрсетілген шаралардың, комсомол жыйналысынан басқасы бірде-бірі жүзеге асырылмай, қарағ жүзінде қалып қойған.

Май айында болған комсомол жыйналысында комсомолдер ұйымының жұмысындағы кемшіліктерді батыл сынады, ол кемшіліктерді жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Жыйналыстың қаулысы орындалған жоқ.

Солай бола тұрса да, қалалық комсомол комитетінің қызметкерлері ұйымда айлап болмайтын көрінеді.

Т. ЕСЕНОВ.

Октябрь ауданының дүкендерінен таба алмайсыз.

Аудандағы сауда қызметкерлерінің арасында еңбек тәртібі нашар. Әресе, ауыл-селолық жерлердегі дүкендер уақытында жұмыс істемейді, керекті товарын алуға келген еңбекшілердің дүкеншілерді іздеуі жүргенін, ал, дүкендердің кілттеулі тұрғанын Октябрь ауданының ауыл-селоларын аралаған адамдар жиі кездестіреді. Мәселен, аудан орталығындағы чай-хана май айының 25 күні 30 минут кешігіп ашылып, ал, азық-түлік дүкені ешбір дәлелсіз сағат 4-те жабылып қалған. Семиполка селосының орталық дүкені ай бойына сауда-саттық жұмысын жүргізбеген. Жамбыл атындағы колхоздың Жаңажол бригадасындағы сауда орны дүкеншінің жұмыс істеуге ниеті болған уақытта ғана ашылатындығы анықталды. Ауданның бірталай дүкендерінде ұсыныс және талап кітаптары жасалынбаған, дүкеншінің фамилиясының кім екені белгісіз, дүкендердің іші былық.

Еңбекшілерден түсетін шарғы уақытында қаралмайды, көрсетілген кемшілік дерекінде жойылмайды, оны бақылап отыруды аудандық тұтынушылар одағының председателі Юдин, оның орынбасары Қалдығұлов жолдастар мүлдем естерінен шығарған.

Бұл басшылардың еңбекшілер дабылына немқұрайды қарайтындығы, сауда жұмысындағы кемшіліктер мен былықтардың бетін ашып, жою үшін сын мен өзара сынның үлкен күші бар екендігін әлі күнге дейін түсінбейтіндігі байқалады. Өйткені, Юдин мен Қалдығұлов жолдастар еңбекшілер алдындағы жауапкершіліктерін жете ұғынбайды, саяси және жалпы білім дәрежелерін отерудің қамын ойластырмайды. Сондықтан да олардың еңбекшілерді өнеркәсіп және азық-түлік товарларымен үздіксіз қамта-

XIX съезінде жасаған есепті баяндамасы. Қазақтың мемлекеттік баспасы. 1953 жыл. 90.000 дана, 109 бет, бағасы 1 сом 25 тыйын.

Морис ТОРЕЗ. «Халық ұлы» Қазақтың мемлекеттік баспасы. 1953 жыл. 20.000 дана, 199 бет, бағасы 4 сом.

Вожатый кітабы. (2-ші кітап) Қазақтың мемлекеттік баспасы. 1953 жыл. 10.000 дана, 212 бет, бағасы 4 сом 90 тыйын.

Вожатый кітабы. (3-ші кітап). Қазақтың мемлекеттік баспасы. 1953 жыл. 10.000 дана, 252 бет, бағасы 6 сом 10 тыйын.

М. СЕРВАНТЕС. Донкихот. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 1952 жыл. 20.000 дана, 672 бет, бағасы 16 сом 70 тыйын.

Анатолий РЫБАКОВ. «Жүргізушілер». Роман. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 1953 жыл. 15.000 дана, 346 бет, бағасы 7 сом 35 тыйын.

масыз етіп отыруда, сауда жұмысындағы кемшіліктерді ашып, жойып отыруда сын мен өзара сынның үлкен күші бар екендігіне түсінбей келе жатқандығына таңдануға болмайды.

Аудандық тұтынушылар одағының басшылары колхоздар мен совхоздарда сауда орындарын көбейте берудің қамын ойламай отыр. Оған соңғы екі жылдың ішінде Октябрь ауданында жаңадан бірде-бір дүкеннің ашылмағандығы толық дәлел бола алады. Еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің Октябрь және Степной совхоздарында универмагтар, асхана және нан пісіретін орындар ашу жөніндегі қаулысы осы уақытқа дейін орындалған жоқ. Ал, ол қаулының орындалуын бақылауды Октябрь аудандық Советінің атқару комитеті өз міндетін деп есептемейтін көрінеді.

Тұтынушылар кооперациясы қызметкерлерінің арасында саяси-тәрбие жұмысы өте қанағаттанғысыз. Ауданда еңбекшілерді аздау, мемлекет қаражатын талап-таражға салу фактілері әлі күнге дейін жойылмай келеді. Ал, Октябрь аудандық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттарының аудандық Советінің атқару комитеті ауданда совет саудасын жақсартуға, товар айналымы жоспарының мерзімінен бұрын орындалуына жеткілікті көңіл бөлмей, оған басшылықты әлі күнге дейін жақсартпай келеді.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктермен Октябрь ауданының партия, совет ұйымдары мен сауда орындарының басшылары тиісті қорытынды шығаруға, сөйтіп, 1953 жылы товар айналымының жоспарын орындау үшін барлық мүмкіншілікті сарқа пайдалануға тиіс.

В. БОНДАРЕВ,
ҚКП облыстық комитетінің нұсқаушысы.

Мароккодағы отаршылық террор

ПАРИЖ, 2 июль. (СОТА). «Фигаро» газетінің хабарына қарағанда, Касабланкадағы француз соғыс трибуналы Марокконың 3 жас жұмысшысын 20 жыл каторга жұмыстарына және ол жазаларын өтегеннен кейін Марокконың үлкен қалаларында 20 жылға дейін тұрмауға үкім еткен. «Фигаро» газетінің хабарынан мәлім болып отырғанындай, соғыс

трибуналының председателі жұмысшыларға қол жұмсаған полицейлікке ақтаушының кейбір сұрақтар қоюына тыйым салып, сот тәртібінің нормаларын бұзған.

«Юманите» газеті айыпталғандарға жауап алу кезінде озбырлық жасалды деп жазады.

БРАЗИЛИЯДАҒЫ ЖАППАЙ САУАТСЫЗДЫҚ

МОНТЕВИДЕО, 2 июль. (СОТА). Бразилияның «Корейо да Манья» газетінде жарияланған халық тізімін алудың

үлттық қызметінің мәліметіне қарағанда, бразиль халқының 51,5 проценті сауатсыз екендігі анықталған.

АҚШ-ТЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДАҒДАРЫС

НЬЮ-ИОРК, 1 июль. (СОТА). Егіншілік министрі Бенсонның 1954 жылғы АҚШ-та бидай егісінің көлемін қысқарту туралы ұсынысы АҚШ-тың ауыл шаруашылығында дағдарысты күшейтіп келе жатқандығын дәлелдейді.

Хабарларға қарағанда, АҚШ-та бидай бағаларының ерекше қымбаттап, сол сыяқты, бәсекелесудің күшеюімен байланысты шетел рыноктарында америка бидайын өткізудің қиындығы осы ұсынысты тудырған.

АҚШ-тың егіншілік министрлігі бидай шығарудың мөлшеріне шек қояды тағайындауға рұқсат беретін заңды қолдануы соңғы 10 жылдың ішінде бірінші рет болып отыр.

Бенсон бидай егісінің көлемін АҚШ үкіметі қаншалық мөлшерде қысқартатындығын айтпаған, алайда, Ассошиэтед Пресс агенттігінің тілшісі кезіргі қолданылып отырған заң бидай егісінің көлемін 30 процент қысқартуға рұқсат беретіндігін атап көрсетеді.

ФРАНЦИЯДАҒЫ КҮШТІ ДАУЫЛ

ПАРИЖ, 2 июль. (СОТА). Соңғы күндердің ішінде Париж ауданында және Францияның басқа облыстарында күшті дауылдар болған. Газеттердің хабарына қарағанда, тек қана Парижде және Париж ауданында дауылдан болған алаңтың мөлшері бірнеше жүз миллион франк болып есептеледі. Комму-

нистердің ұсынысы бойынша Сена департаментінің Бас советі Париждың оңтүстік-батыс аудандарындағы дауылдан зиян шеккен адамдарға 10 миллион франк көмек көрсетуге ұсыныс жасаған.

Редактор **Ғ. МУХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

ЖАЗҒЫ КИНОТЕАТРДА

«БІР УНИВЕРМАГТА»

«ВОЛГА-ВОЛГА»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

Арнаулы магазиндерден, бөлімшелер мен палаткалардан 1 июльден бастап 50 процентке дейін арзандатылған аяқкиім, тігілген киімдер және басқа товарларды сатып алуға болады. Магазиндердің адресі: № 60 магазин, Ленин көшесі, 26-үй.

№ 65 магазин, Ленин көшесі, 3-үй.

№ 15 магазин, Коминтерн көшесі, 70-үй.

№ 1 және № 17 ларектар Совет базарында.

№ 5 машина-жол станциясына техник құрылысшылар, жолшылар, С-80 тракторында жұмыс істейтін шоферлар мен тракторшылар, ағаш шеберлері КЕРЕК.

Жұмыс жөнінде мына адреске келіп жолығу керек: Петропавл қаласы, ТЭЦ ауданы, телефон 4-34 2-звонок.

Петропавлдың қалалық өнеркәсіп комбинатына тез арада аға бухгалтер КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Урицкий көшесі, 17-үй.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.